

**Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларды және олар бұдан бұрын бекітіп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2017 жылғы 15 тамыздағы № 337 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 19 қыркүйекте № 15722 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 107 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 21.05.2024 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 65-1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

#### 1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидалар;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бұдан бұрын қайта бекітіп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде қағазға басылған және электрондық түрдегі көшірмелерінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы*

*Р. Құрманов*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
міндетін атқарушының  
2017 жылғы 15 тамыздағы  
№ 337 бұйрығына  
1-қосымша

## **Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидалар**

### **1-тарау . Жалпы ережелер**

1. Осы Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 65-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру тәртібін айқындайды.

2. Қайта бекітіп беру аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және учаскелерін бекітіп беру мерзімінің аяқталуына байланысты оларда Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына аңшылық немесе балық шаруашылығын жүргізу құқығын беру үшін жүзеге асырылады.

### **2-тарау. Аңшылық алқаптарды қайта бекіту тәртібі**

3. Бекітіп беру мерзімі аяқталған аңшылық алқаптарды қайта бекітуді облыстың жергілікті атқарушы органы жүргізеді.

4. Біліктілік талаптарына сәйкес келген және шарт міндеттемелерін орындаған жағдайда аңшылық алқаптар бұдан бұрын бекітіп берілген тұлғалардың өтінімі бойынша конкурс өткізілмей қайта бекітіледі.

5. Ұйымдастырылған аңшылық шаруашылықтар шекарасында аңшылық алқаптар осының алдындағы шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру

материалдарының немесе шаруашылық ісін ұйымдастыру материалдарының негізінде қайта бекітіледі.

Шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру жүргізілмей бұдан бұрын бекітіліп берілген аңшылық алқаптар болған немесе аңшылық алқаптарының шекаралары мен санаттары өзгерген жағдайда, мұндай аңшылық алқаптарын қайта бекітіп беру аңшылық пайдаланушы өз қаражаты есебінен жүргізген шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру негізінде, бекітіп беру мерзімі аяқталғанға дейін, кемінде бір жыл бұрын жүргізіледі.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 21.12.2022 № 765 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Аңшылық алқаптарды өздеріне қайта бекітіп беруге ниет білдірген жеке немесе заңды тұлғалар аңшылық алқаптарды бекіту мерзімінің аяқталу күніне дейін күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей облыстың жергілікті атқарушы органына өтінім береді.

7. Өтінім парақтары нөмірленіп, тігілген күйінде ұсынылады және соңғы парағына қол қойылып, мөр (бар болса) басылады.

8. Өтінімдер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімдерді қабылдау журналында (бұдан әрі - журнал) тіркеледі.

9. Өтінім берушіге өтінімді қабылдау кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күні мен уақыты, өтінімді қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

10. Өтінім мыналарды қамтиды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылық алқаптарды қайта бекітуге арналған өтініштің түпнұсқасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өтініш берушінің өтініш берушілерге қойылатын белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10890 болып тіркелген) бекітілген үлгілік нысанға (бұдан әрі – Үлгілік нысан) сәйкес аңшылық шаруашылығы субъектісін дамыту жоспарының түпнұсқасы (екі жылға арналған);

4) түсіндірме жазбасы бар кесте түрінде берілген аңшылық шаруашылығын дамыту жоспарының (аңшылық алқаптарын бекітіп беру кезінде мәлімделген іс-шаралардың) орындалуы;

5) түсіндірме жазбасы бар кесте түрінде берілген қайта бекітуге өтініш бергенге дейінгі соңғы 3 (үш) жылда шаруашылық ісін аңшылықты

ұйымдастыру материалдары бойынша әзірленген аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарының орындалуы.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 21.12.2022 № 765 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Облыстың жергілікті атқарушы органының сұратуы бойынша аумақтық бөлімше екі жұмыс күні ішінде, қайта бекітіліп берілетін аңшылық алқаптар бойынша жануарлар дүниесін пайдаланудың соңғы 3 (үш) жыл кезеңіндегі шарттық міндеттемелердің орындалуы (орындалмауы) туралы ақпарат береді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 21.12.2022 № 765 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

12. Өтінімді тиісті облыстың жергілікті атқарушы органы құратын комиссия қарайды, оның құрамына:

1) облыстың жергілікті атқарушы органының (облыс әкімінің орынбасарынан төмен емес), комиссия төрағасы;

2) облыстың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшелерінің (басшысынан төмен емес);

3) ведомствоның аумақтық бөлімшесінің (басшының орынбасарынан төмен емес);

4) аңшылық шаруашылығы саласындағы ғылыми ұйымдардың;

5) аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің аккредиттелген республикалық қауымдастығының өкілдері кіреді.

13. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауға және кемінде бес адам болуы тиіс.

14. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия хатшысы қамтамасыз етеді.

15. Комиссия хатшысы қайта бекітуді ұйымдастыруға және өткізуге жауапты жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамдарының арасынан анықталады.

16. Өтінімді комиссия ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

17. Комиссия мәжілісінің қорытындыларын шығару нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылық алқаптарды/балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекіту бойынша өтінімдерді қарау хаттамасында (бұдан әрі – Хаттама) көрсетіледі.

18. Біліктілік талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) шарттық міндеттемелер орындалмаған жағдайда мұндай өтінім берушіні комиссия қайта бекіту шарттарына сәйкес келмейтін тұлға деп таниды.

19. Өтінім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келген және шарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда облыстың жергілікті атқарушы органы Хаттамаға қол қойған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін аңшылық алқаптарды қайта бекіту туралы шешім шығарады.

20. Аңшылық алқаптарды қайта бекіту мерзімін комиссия Заңның 25-бабына сәйкес айқындайды.

21. Облыстың жергілікті атқарушы органы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінім берушіні өтінімді қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

22. Облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптарын қайта бекіту туралы шешімінің негізінде он жұмыс күні ішінде ведомствоның аумақтық бөлімшесі мен өтінім берушінің арасында аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт жасалады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 21.12.2022 № 765 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекіту тәртібі**

23. Бір облыстың аумағында орналасқан халықаралық және республикалық маңызы бар және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бұдан бұрын бекітіп берілген тұлғалардың өтінімі бойынша, олар біліктілік талаптарына сай келген және шарттық міндеттемелерін орындаған жағдайда, конкурс өткізілместен қайта бекітіп беріледі.

24. Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру өтінімін ведомствоның аумақтық бөлімшелері құратын комиссия қарайды, оның құрамына:

1) ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің (басшының орынбасарынан төмен емес), комиссия төрағасы;

2) облыстардың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің (басшыдан төмен емес);

3) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдардың;

4) балық аулаушылар мен балық шаруашылығының субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің аккредиттелген республикалық қауымдастығының өкілдері кіреді;

5) су ресурстарының аумақтық бөлімшелерінің (басшыдан төмен емес).

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бұдан бұрын бекітіп берілген тұлғалардың өтінімі бойынша біліктілік талаптарына сай келген және шарттық міндеттемелерін орындаған жағдайда конкурс өткізілместен уәкілетті орган ведомствосының ұсынымы бойынша қайта бекітіп беріледі.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру өтінімін ведомство құратын комиссия қарайды, оның құрамына:

1) ведомствоның (басшы орынбасарынан төмен емес), комиссия төрағасы;

2) облыстардың жергілікті атқарушы органдарының (табиғат пайдалану мәселелеріне жетекшілік ететін облыстың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесінің басшысынан төмен емес);

3) ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің (басшы орынбасарынан төмен емес);

4) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдардың;

5) балық аулаушылар мен балық шаруашылығының субъектілері қоғамдық бірлестігінің аккредиттелген республикалық қауымдастығының өкілдері кіреді.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және бес адамнан кем болмауы тиіс.

28. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия хатшысы қамтамасыз етеді.

29. Комиссия хатшысы қайта бекітуді ұйымдастыруға және өткізуге жауапты ведомствоның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдарының арасынан анықталады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін өздеріне қайта бекітіп беруге ниет білдірген жеке немесе заңды тұлғалар бекіту мерзімінің аяқталу күніне дейін 60 күнтізбелік күннен кешіктірмей балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесі аумағында орналасқан аумақтық бөлімшеге өтінім береді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Халықаралық және республикалық маңызы бар және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітуге өтінім аумағында бақыланатын қайта бекітіп берілетін балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесі орналасқан ведомствоның аумақтық бөлімшесіне беріледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Алып тасталды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Өтінім парақтары нөмірленіп, тігілген күйінде ұсынылады және соңғы парағына қол қойылып, мөр (бар болса) басылады.

34. Өтінімдер журналында тіркеледі.

35. Өтінім берушіге өтінімді қабылдау кезінде талон беріледі.

36. Өтінім:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекіту бойынша өтініштің түпнұсқасын;

өтінім берушінің өтінім берушілерге қойылатын белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттарды;

Үлгілік нысан бойынша әрбір су айдыны және (немесе) учаскесі жөнінде қайта бекітудің бүкіл мерзіміне арналған балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының түпнұсқасын;

өтінім берушіге қызмет көрсетілетін банктің, банк филиалының немесе бөлімшесінің өтінім берушінің банк, банк филиалы немесе бөлімшесі алдындағы міндеттемесінің барлық түрі бойынша уақыты өтіп кеткен берешегінің жоқ екені туралы өтінім берілген күннің алдында отыз күнтізбелік күннен ерте берілмеген

қағаз тасығышта қол қойылып, мөр басылған анықтамасының түпнұсқасын ( өтінім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің, филиалдарының немесе бөлімшелерінің, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болған жағдайда бұл анықтама осындай банктердің әрқайсысынан беріледі);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізуге арналған негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтаманың түпнұсқасын (балықтың қырылу қаупі бар су айдындары және (немесе) учаскелері үшін);

акваөсіруді дамытуға арналған биологиялық негіздемені (көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы үшін);

балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін пайдаланудың бүкіл кезеңіне балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарларына сәйкес қаржылық және басқа да міндеттемелерді орындау туралы аумақтық бөлімшелерден алынатын мәліметтерді қамтиды.

37. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекіту туралы өтінімдерді комиссия олар ведомствоның аумақтық бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Сұрау салу бойынша ведомствоға аумақтық бөлімше қайта бекітілетін халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бойынша екі жұмыс күні ішінде балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін шарттық міндеттемелердің орындалуы (орындалмауы) туралы ақпарат береді.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітуге арналған өтінімдерді қарау жөніндегі Комиссия мәжілісінің қорытындыларын шығару нәтижелері Хаттамада көрсетіледі.

40. Біліктілік талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) шарттық міндеттемелер орындалмаған жағдайда мұндай өтінім берушіні Комиссия қайта бекіту шарттарына сәйкес келмейтін тұлға деп таниды.

41. Өтінім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келген және шарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы



су айдындарын және (немесе) учаскелерін өтінім берушіге қайта бекітіп беру туралы шешім (қаулы) шығарады.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 05.05.2022 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

42. Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру бойынша шешім қабылдау үшін уәкілетті органның ведомствосы өтінім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келген және шарттық міндеттемелерін орындаған жағдайда хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хаттамаға сәйкес жергілікті атқарушы органға ұсыным жолдайды.

**Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекіту мерзімдерін комиссия Заңның 25-бабына сәйкес айқындайды.

44. Ведомство немесе аумақтық бөлімшелер хаттамаға қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінімді қарау нәтижелері туралы өтінім берушіні хабардар етеді.

**Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

45. Облыстың не немесе ауданның жергілікті атқарушы органының балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекіту туралы шешімінің негізінде он жұмыс күні ведомствоның аумақтық бөлімшесі мен өтінім берушінің арасында балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт жасалады.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.06.2021 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

46. Бұдан бұрын ұйымдастырылған балық шаруашылықтарының шекарасындағы балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері осының алдында балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелері паспорттау материалдары негізінде қайта бекітіледі.

47. Бекітіліп берілген тұлғалар қолданған шаралардың салдарынан балықтың қырылу қаупінің белгілері жойылған жергілікті маңызы бар балықтың қырылу қаупі бар су айдындары және (немесе) учаскелері олардың өтінімі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда бекітіп беру мерзімі аяқталғаннан кейін конкурс өткізілмей қайта бекітіліп беріледі.

Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларға  
1-қосымша  
Нысан

### Өтінімдерді қабылдауды тіркеу журналы

№	Қабылдау күні және уақыты	Жануарлар дүниесін пайдаланушы (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))	Мекен-жайы	Қайта бекітілетін аңшылық алқаптардың немесе балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің атауы	Қайта бекітілетін аңшылық алқаптардың немесе балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің орналасқан жері (облыс, аудан)	Өтінім берушінің немесе өтінім берген оның өкілінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) және қолы
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: журнал жіппен тігіледі, нөмірленеді және ведомствоның немесе облыстың не ауданның жергілікті атқарушы органының мөрімен куәландырылады.

Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларға  
2-қосымша  
Нысан

### Талон

№ \_\_\_\_\_  
Өтінім 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта қарауға қабылданды

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(өтінімді қабылдауға жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Аңшылық алқаптар мен

балық шаруашылығы су  
айдындарын және (немесе)  
учаскелерін қайта бекітіп  
беру жөніндегі қағидаларға  
3-қосымша  
Нысан

### Аңшылық алқаптарды қайта бекітіп беруге өтінім

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 06.01.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ ауданында  
орналасқан \_\_\_\_\_

"  
—

(аңшылық алқаптың атауы)

\_\_\_\_\_ аңшылық алқабын қайта  
бекітіп

беруіңізді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің  
аты

(ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін: заңды  
тұлғаның

атауы, деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

—

2. Өтінім берушінің мекенжайы (индекс, облыс, аудан, көше, үй №, пәтер  
№ (бар болса), телефоны) \_\_\_\_\_

—

3. Аңшылық алқабы \_\_\_\_\_ облысы әкімдігінің  
20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына және 20 \_\_\_\_\_

—

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шартқа сәйкес бекітіп берілді.

4. Қоса берілген құжаттар көшірмелері (түпнұсқа салыстыру үшін беріліп  
отыр):

\_\_\_\_\_ жыл.

5. Қайта бекіту мерзімі \_\_\_\_\_ жыл.

6. Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер  
бергенім үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық жайында хабардармын.

Берілген күні 20\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Өтінім беруші \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе ұйымның атауы)

Қолы \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

(жеке кәсіпкерлер болып табылатын

тұлғаларды қоспағанда)

ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларға 4-қосымша Нысан

**Аңшылық алқаптарды/балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі өтінімдерді қарау хаттамасы**

20\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (елді мекен)

\_\_\_\_\_ (комиссия құру туралы акт көрсетілісін)

құрамында құрылған комиссия (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) лауазымы көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ аңшылық алқаптарды/балық шаруашылығы су

айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі өтінімді қарап, мынадай

**ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:**

1. Былай деп танылсын:

1) біліктілік талаптарына сай келеді және шарттық міндеттемелерді орындады

:

№	Заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның	Қайта бекітіп берілетін аңшылық алқаптың немесе балық	Қайта бекітіп беру мерзімі

	Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)	шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің атауы	
1			
2			
3			
4			
5			

2) біліктілік талаптарына сай келмейді және (немесе) шарттық міндеттемелерді орындамады:

№	Заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)	Аңшылық алқаптың және балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің атауы	Қайта бекітіп беру шарттарына сәйкес келмейді деп тану себептері
1			
2			
3			
4			
5			

2. Шешім шығару үшін Хаттаманың бір данасы \_\_\_\_\_ облысының

немесе ауданының жергілікті атқарушы органына жолдансын.

Қолдар:

Төраға: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

Хатшы: \_\_\_\_\_

Аңшылық алқаптар мен  
балық шаруашылығы су  
айдындарын және (немесе)  
учаскелерін қайта бекітіп  
беру жөніндегі қағидаларға  
5-қосымша  
Нысан

**Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беруге өтінім**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 06.01.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(су айдындары және (немесе) учаскелері)

балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін қайта бекітіп беруіңізді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда) жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаның атауы, деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Өтінім берушінің мекенжайы (индекс, облыс, аудан, көше, үй №, пәтер № (бар болса) телефон) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_  
(кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулау, көлде тауарлы балық өсіру, тор қоршауда балық өсіру шаруашылығы) \_\_\_\_\_

үшін.

4. Балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ облысы (ауданы

)  
әкімдігінің 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына және

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шартына сәйкес бекітіп берілді.

5. Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер бергенім үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық жайында хабардармын.

Берілген күні: 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Өтінім беруші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе ұйымның атауы)

Қолы \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

(жеке кәсіпкерлер болып табылатын

тұлғаларды қоспағанда)

ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

Аңшылық алқаптар мен балық  
шаруашылығы су айдындарын  
және (немесе) учаскелерін  
қайта бекітіп беру  
жөніндегі қағидаларға  
6-қосымша  
Нысан

**Балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізуге арналған негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 06.01.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1.			
2.			

Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер бергенім үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық жайында хабардармын.

Берілген күні: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

Өтінім беруші \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе ұйымның атауы)

Қолы \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

(жеке кәсіпкерлер болып табылатын

тұлғаларды қоспағанда)

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
міндетін атқарушының  
2017 жылғы 15 тамыздағы  
№ 337 бұйрығына  
2-қосымша

**Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері**

**бұдан бұрын бекітіліп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары**

**1-тарау. Аңшылық алқаптар бұдан бұрын бекітіліп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары**

1. Аңшылық алқаптар бұдан бұрын бекітіліп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

1) салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы;

2) конкурсқа қатысушының банк, филиал немесе банк бөлімшесі алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы;

3) аумақтық бөлімшелерден алынатын аңшылық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарларына сәйкес қаржылық және басқа да міндеттемелердің орындалуы туралы мәліметтер (аңшылық алқаптары бұрын бекітіліп берілген жеке немесе заңды тұлғалар үшін) (электрондық көшірмесі);

4) жануарлар дүниесін қорғауға арналған меншік немесе жалға алу құқығында материалдық-техникалық құралдарының болуы туралы анықтама.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 21.12.2022 № 765 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**2-тарау. Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бұдан бұрын бекітіліп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары**

2. Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бұдан бұрын бекітіліп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

1) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы;

2) жануарлар дүниесін пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін балық шаруашылығын дамыту жоспарлары бойынша берешегінің болмауы;

3) өтінім берушінің банк, банк филиалы немесе бөлімшесі алдында міндеттемелердің барлық түрлері бойынша уақыты өтіп кеткен берешегінің болмауы;

4) акваөсіруді дамытуға (көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы, тор қоршауда балық өсіру шаруашылығы үшін) биологиялық негіздеменің болуы;

5) балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізуге арналған негізгі құрал-жабдықтардың меншік құқығында болуы (балықтың қырылу қаупі бар су айдындары үшін).

Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бұдан бұрын бекітіліп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарына қосымша



**Санаттар бойынша аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған материалдық-техникалық база**

Ескерту. Қосымша алып тасталды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 21.12.2022 № 765 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК